

Тақырыбы: Оразақын Асқар. Ақылды бала

Сабақтың түрі:

Жаңа технологияға құрылған Кембридждік әдіс тәсілдер бойынша жаңа сабақ.

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға «Ақылды бала» мәтінін оқыта отырып, негізгі ойды, идеяны ұғындыру. «ой қозғау» стратегиясын пайдалана отырып, оқушыларға сұрақ қою арқылы жан-жақты ойлауға топпен жұмыс жасауға үйрету. Бірлесіп жұмыс жасай отырып, бір-бірінің пікірін тындауға, ойын қортындылауға үйрету. Тақырыпқа қатысты тапсырмаларды орындау арқылы сыни тұрғысынан ойлау, ой-өрісін дамыту.

Табыс критерийлері:

- 1.Өздеріндегі субъект тәжірибелерін ескере отырып, тақырыпты жоспарлайды, талдайды және қортынды жасай алады.
- 2.Ұжымдық оқыту әдісі арқылы оқушылар тақырып көлемінде талдау жүргізеді және өз пікірлерінен тұжырымдама жасайды.
- 3.Ақпаратты өз бетінше меңгеріп бірлесе отырып шешім қабылдайды.

Сабақтың типі:

Білімді жетілдіру. Аралас сабақ

Сабақтың әдісі:




Түсіндіру, баяндау, топпен, пікіралысу, топтастыру, ойын.


Құрал-жабдықтар:


Ақ қағаз, плакаттар, оқулық, маркерлер, топ аттары жазылған ақ қағаз, стикерлер, жұлдызшалар, постерлер, түрлі қарандаштар, бағалау парағы, ноутбук, ұялы телефон.

Пайдаланған оқулық:


Әдебиеттік оқу 4-сынып Алматыкітап баспасы 2015.

Сабақтың тақырыбы	Оразақын Асқар. Ақылды бала.		
Жалпы мақсаты	Оқушыларға "Ақылды бала" мәтінін оқыта отырып, негізгі ойды, идеяны ұғындыру. Мәтін мазмұнын талдау арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, өз пікірін ашық айтуға үйрету. Ұлы тұлғалар бойында қалыптасқан игі қасиеттерді оқушы бойына дарытуға ықпал ету.		
Оқу нәтижелері	Оқушылар сын тұрғысынан ойлай білуге дағдыланады, өз пікірлерін айта білуге үйренеді.		
Сабақ типі	Аралас сабақ		
Әдістер	Түсіндіру, баяндау, Топпен, пікіралысу, топтастыру, ойын.		
Көрнекілігі	Ақ қағаз, плакаттар, оқулық, маркерлер, топ аттары жазылған ақ қағаз, стикерлер, жұлдызшалар, постерлер, түрлі қарандаштар, бағалау парағы, ноутбук, ұялы телефон.		
Сабақ кезеңдері Уақытты меңгеру	<ol style="list-style-type: none"> <i>1. Мотивациялық - бағдарлау кезеңі-8-10 минут</i> <i>2. Операциялық - орындаушылық кезең (оқу-танымдық, ізденім, ішінара зерттеу, проблемалық әдістер) - 20-25 минут</i> <i>3. Рефлексиялық- бағалау кезеңі (өзіндік бақылау - өзін-өзі бағалау әдістері) –8-10 минут</i> 		
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру  Топқа бөлу Психологиял	<p>Сәлеметсің бе, Көк Аспан Сәлеметсің бе, Нұрлы Күн Сәлеметсің бе, Жер Ана Сәлеметсің бе, Қонақтар Сәлеметсің бе, мұғалім Сәлеметсің бе, жан досым Міне, менің қолым бос Жылуыңа жылу қос</p> <p>Оқушылар өздеріне ұнаған түстерді ала отырып, сол түстер бойынша топтарға бөліну  </p> <p>Смайликтер таратамын. Сабақ басында</p>	<p>Оқушылар іс-қимылдар арқылы қайталап айтады.</p> <p>Оқушылар өздеріне ұнаған түстерін жұлдызшалар арқылы алады</p> <p>Сабақ басында</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Жұлдызшалар</p>

ық ахуал	және соңында өз көңіл-күйлерін смайликтер арқылы білдіреді.	және соңында өз көңіл-күйлерін смайликтер арқылы көрсетеді.	Смайликтер
Үй тапсырмасы "Бәйге ойыны"	"Тағылым" мәтінін мазмұндау 10-кейіпкерлерін ата. 10-олар қай елге сапарлап шықты. 10-мақсаттары осы елге бару? 20-сол кезде Кенестер Одағының құрамында неше республика болды? 20-Олардың құжаттарын кім карап шықты? 20-Адамдар кесенеге неліктен барады? 30-Қай билердің басына барды? 30-Тағзым ету деген ол не? 30-әңгіме қалай аяқталды?	Мәтінді түсінгендері бойынша сұрақтарға жауап береді.	
Бағалау			Басбармақ
«Ой шақыру»	Таратылған сөздерден мақал-мәтел құрастыру.	Әр топ өз ойларын ортаға салады.	Плакат, маркер
«Кім		Оқушылар	сөздер

<p>жылдам?» ойыны</p>	<p>Ақылды адам батпан-ақ,ақылсыз адам сасқалақ.</p> <p>Ақыл азбайды,білім тозбайды.</p> <p>Білім көзі-ақылда.</p> <p>Ақыл басқа -қына тасқа.</p>	<p>берілген сөздерден мақал құрастырады.</p>	
<p>Жаңа сабаққа даярлық кезеңі. "Болжау" стратегиясы</p>	<p>Балалар бұл мақалдар не туралы?</p> <p>Олай болса бүгінгі тақырып қалай аталады деп ойлайсыңдар?</p> <p>Ақылды бала дегенде қандай ой келеді?</p>	<p>Оқушылар төменгі сыныптарда оқығандарын естеріне түсіреді.</p>	<p>Сұрақтар</p>
<p>Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі</p>	<p>Өткен сабақта өнер туралы айтқанымызда ақылды өнермен жеткізудің өзі өнер деп айтқан болатынбыз. Ал бүгін ақыл, ақылдық, сондай-ақ бала кезден ақылды болу керектігі туралы әңгімелесеміз.</p> <p>II Әңгімелесу</p> <p>v Ақылды болу дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>v Сендердің ақылға жүгініп, дұрыс шешім қабылдаған кездерің болды ма? Деген сауал бойынша әңгімелеседі?</p>	<p>Оқушыларға тақырыпты сатылай түсіндіру</p>	<p>Сатылай түсіндіру</p>
<p>"Топтастыру" стратегиясы</p>		<p>Ақылды болу дегенді қалай түсінетіндерін топтастыру</p>	<p>Постер салу</p>

Бағалау		Топ басшы бағалауы	Бағалау парағы
Сергіту сәті.	Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз. Уық болып иіліп, Шаңырақты құрамыз.	Оқушылар сергіту сәтін қимылдар арқылы көрсетеді	музыка
Топтық жұмыс. «Кубизм» стратегиясы	Тізбектей мәнерлеп оқу. 1-топ. Мазмұндау 2-топ. Мәтін мазмұндау 3-топ. 5 жол өлең 4-топ Эссе жазу "Мен ақылды баламын"	Оқушылар берілген абзацты оқып, басқа әріптестеріне түсіндіріп шығады	
Түртіп алу стратегиясы	Сөздік жұмысын, түсініктеме жұмысын жүргізу. Имену-жасқану, қорқу.	Дәптермен жұмыс	А4 форматындағы ақ қағаз
Бағалау			

«Мен сендерден сұрақ күтемін» тәсілі	Бұл тәсіл бойынша балалар мәтіннің мазмұнын бір-біріне түсіндіріп болған соң, осы мәтін бойынша сұрақ құрастырады. Топтағы оқушылар өзара келісіп, қағазға екі сұрақ жазып, келесі топқа береді.	Оқушылар сұрақ дайындайды.	Сұрақ жазылған бетше
Жариялау	Сұраққа жауап іздеп, дайындалуға, ақылдасуға 1-2 минут уақыт беріледі.	Сұрақтың жауабын топтың ішінде ақылдасып алған соң, бір оқушы жауап береді	Оқушы
Бағалау	Балалар топтарды бағалайды	Басбармақ арқылы бағалау	
«Сөзжарыс» ойыны	Ақылды бала дейміз, себебі ол Ұрлық түбі-қорлық , себебі ол	Бірінші топтан бір оқушы тезис айтады, екінші оқушы ойынды жалғастырады	Оқушы, оқулық

Ойтолғау									
«Рефлексиялық – бағалау» кезеңі	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="352 416 692 539">Бүгінгі сабақта мен не үйрендім?</td> <td data-bbox="692 416 1031 539">Нені білгім келеді?</td> </tr> <tr> <td data-bbox="352 539 692 618"></td> <td data-bbox="692 539 1031 618"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="352 618 692 696"></td> <td data-bbox="692 618 1031 696"></td> </tr> </table>	Бүгінгі сабақта мен не үйрендім?	Нені білгім келеді?					«Бүгінгі сабақта мен не үйрендім?» деген кесте бойынша оқушылардың пікірі тыңдалады.	Кесте
Бүгінгі сабақта мен не үйрендім?	Нені білгім келеді?								
Рефлексия	<p>Балаларға баспалдақ суреті салынған қағаз таратылып беріледі де, сол баспалдақтағы өзінің орнын белгілеу тапсырылады. Егер оқушы өзін сабақта жақсы сезініп, сабақты жақсы түсінсе, баспалдақтың ең биік жеріне күннің суретін салады. Ал егер сабақты дұрыс түсінбесе, сабақ ұнамаса, баспалдақтың төменгі жағына бұлттың суретін салады. Сабақта оқушының көңіл-күйі орташа болып, кейбір нәрселерді түсінбесе, онда баспалдақтың ортасына бір жағы ашық, бір жағы боялған бұлттың суретін салады. Осылайша оқушының өзін-өзі бағалауы мен мұғалімнің сабағы бағаланып, өзара кері байланыс жүзеге асырылады.</p>	Оқушылар берілген баспалдаққа өздеріне ұнаған суретті салады.	Баспалдақ суреті.						
Үйге тапсырма	Мәтінді оқып түсіну.	Оқушылар берілген сайттар бойынша мәліметтерді іздеп табады.	Сайд бетшелері						
Бағалау.	Формативті бағалау: Оқушыларды мадақтап, бағалау								

Пословицы на казахском языке (Мақал-мәтелдер) об уме

Адамның жүзі ақылдың айнасы.

Айғайлы жерде ақыл аз.

Айла алтау, ақыл жетеу — айлаға ақыл қосылса, алдырмайтын екеу.

Айлалы түлкі алдырмас.

Айласыз батыр алдырар.

Айтысып сөзге келгенше ақылмен жөнге кел.

"Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз, Ақылды бастың өзі болмасаң та құлағымыз".

Ақыл ағадан, ілтипат ініден.

Ақыл адам көрігі,
ақылдың сабыр серігі.

Ақыл азбайды,
Әділдік тозбайды,

Арамдық озбайды.

Ақыл айнымас, алтын шірімес.

Ақыл айтсаң батыл айт.

Ақыл — алтын сандық,
адамына қарай ашылар.

Ақыл — арман, ой — өріс.

Ақыл ауыздан, мерей көзден.

Ақыл — ауыс, ырыс — жұғыс.

Ақыл базарда сатылмайды.

Ақыл байлық — аз байлық,
Темір байлық — тозбас байлық,
Кен байлық — кең байлық.

Ақыл бастайды, аяқ тастайды.

Ақыл бастан, асыл тастан.

Ақыл бітпес дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке (Абай).

Ақыл — гауһар бағасыз,
Ақымақ — ауру дауасыз.

Ақылға ақыл қос, ашуынды тос.

Ақылдан артық байлық жоқ.
Ақылдан асар амал жоқ,
Батылдар алмас қамал жоқ.

Ақылдан ашу көп болса — ақыл кетер,
Ашудан ақыл көп болса — ашу не етер?

Ақылдан жақын дос бар ма?

Ақыл — дария айдын,
Көңіл — дүлділ айбын.

Ақыл — дария, алса да таусылмайды,

Жел — қазына, сауса да таусылмады.

Ақыл — дария, ой — теңіз.

Ақылдасқан азбас, жақыңдасқан тозбас.

Ақылдассаң ақыл табасың.

Ақылдассаң пішерсің,
Ақылдаспасаң кем кесерсің.

Ақыл деген ағып жатқан дария,
Кеме айдаушы кемеңгер бір қария.

Ақылды адам айтқызбай біледі,
Ақсұңқар қаққызбай іледі.

Ақыл — адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет. Ежелгі ойшылдар еңбектерінде ақылдың екі деңгейі болатыны айтылады. Ол — пайым және парасат.

Пайым — ақылдың табиғи күші, ол әрбір адамға тән. Есі дұрыс әрбір адамның тіршілік дағдыларын қай дәрежеде

меңгергендігіне байланысты ойлау жүйесінің ең төменгі буыны.

Парасат — ойдың мүлдем жаңа таным-білімдерді қорыта алатын және шындықтың аса терең мәнін танып біле алатын жоғары жасампаздық қабілеті.

Ақыл-ой дамуының ең жоғарғы дәрежесі — даналық (өмірлік тәжірибеге сүйенетін терең ақыл). Адамның кейбір интеллектуалдық қызметтерін “жасанды интеллектіге” беру — компьютерлерді кеңінен қолдану да ақыл-ой қабілеттерін ары қарай жетілдіреді.